**Қ.Бекқожин атындағы жалпы білім беру мектебінің**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**хаттамасы №5**

**17 қаңтар 2022 жыл**

**Қатысқандар:** 16
**Қатыспағандар:** 0

**Күн тәртібі**

1) 2022 жылдың 15 қаңтар күні Павлодар облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №1 Қаулысы негізінде 6-11 сынып оқушылары қашықтан оқу форматына көшіру жөнінде ақпарат
2) 1- 5 сыныптардың штаттық режимде оқу жағдайы туралы
3) Мектепте санитарлық – эпидимиологиялық талаптардың орындалуы туралы
4) Компьютер құрылғыларымен мектеп оқушылары қамтамассыз ету туралы

**1-сұрақ бойынша:** Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.С.Такиева сөз алды. 2022 жылдың 15 қаңтар күні Павлодар облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №1 Қаулысы негізінде 6-11 сынып оқушылары қашықтан оқуға көшірулі жөнінде ақпарат берді.

**2-сұрақ бойынша:** Мектеп директорының м.а. Г.Ж.Анесова сөз алды. 1-5 сыныптардың штаттық режимі оқу жағдайы туралы түсіндіріп айттып кетті. Мектепте оқушылар 2 ауысымда жұмысын жалғастырады. Сабақ, қоңырау кестесінде өзгерістер болмайды. Мектеп асханасы штаттық тәртіпте жұмысын жалғастырады.

**3-сұрақ бойынша:** Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.К.Шаханова сөйледі. Мектепте санитарлық – эпидимиологиялық талаптардың орындалуы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектепте санитарлы – эпидимиологиялық талаптар күшейтілгені жөнінде айтылды. Мектепте термометрлар, антисептик, сабын, залалсыздандыру заттар және кварц құралдары толық қамтамассыз етілді. Изолятор медициналық кабинеті дайын тұр. 1-5 сынып жетекшілері бетперде ауыстыру кестесі бойынша жұмыс жасайды. Бетперделерді залалалсыздандыру ыдыстары дайын. Оқу кабинеттерін, дәліздерді, асхананы жуып-жинау және кварцтау кестесі бойынша техперсонал бекітілді.

**4-сұрақ бойынша:** Мектеп директорының оқу -тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.З.Геложутдинова есеп берді. Мектепте оқушыларына 70 нетбук, 10 компьютер, 10 планшет дайын тұр. Бүгінгі күні -25 оқушы компьютермен қамтамассыз етілді.

Шешім:

- 2022 жылдың 15 қаңтар күні Павлодар облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №1 Қаулысы негізінде 6-11 сынып оқушылары қашықтан оқуға көшірілсін;
- 1- 5 сыныптардың штаттық оқу жағдайы қанағаттанарлық деңгейде;
- Мектепте санитарлық – эпидимиологиялық талаптардың орындалуы қанағаттанарлық деңгейде;
- Компьютер қажет мектеп оқушыларына компьютерлермен қамтамассыз етілсін.

**Қамқоршылық кеңес төрайымы:** Ахметова З.Е.

**Хатшы:** Байгулова Б.К.